Жазушының поэтикасында эпитет кейіпкердің портретін жасауда таптырмас тәсіл деуге болады. Талдаудан байқағанымыздай, эпитеттердің көпшілігі кейіпкерлердің сыртқы бейнесін, негізінен көзі, беті, шашын т.б. суреттеу арқылы жұмсалған. Мысалы, *шүңірек көз*, *мысық көз*, *тана көз*, *өткір кішкене көз*, *жасыл көз*, *қырағы көз*, *мойыл қара көз*, *үлкен қара көз*, *қой көз*, *боталаған үлкен қара көз*, *қиғаштау біткен қара көз*, *қарақат көз*, *шайтан көз*, *тұнық жанар*, *ұзын*, *қайқы кірпік*, *қыр мұрын*, *әдемі пісте мұрын*, *келте мұрынды*, *орақ мұрын*, *құс мұрын*, *қоңқақ мұрын*, *жіңішке қара қас*, *аппақ тіс*, *қос өрім қоңыр шаш*, *жалпақ бет*, *арық адам*, *мысық мұрт*, *тәмніш таңау*, *кербез кейіпті*, *дөңгелек жүз*, *шолақ тұлымды*, *шоқша сақал*, *қаба сақал*, *қалың дөңгелек сақалды*, *шолақ мұртты*, *теке сақал молда*, *бурыл сақал*, *қушық шеке*, *сақ құлақ*, *қызыл сыры көшіпеген әсем ерін*, *қоңыр өң*, *бидай өңдіақсары жүзді*, *нәзік дене*, *зор денелі*, *мықыр денелі* т.б.

Кейбір эпитеттер кейіпкердің эмоционалды, психологиялық сипаттарын беру үшін ерекше орынға ие болады. Мысалы: Құл-Мұхамедтің *көңілі тым салғырт* екені анық аңғарылған [2]. *Қатқан көкірегінен* бір тамшы суық жас үзіліп түскенін сұлтанның өзі де аңдамаған [2], Он сегізге жаңа толған қазақ сұлтаны қатер күткен *алмағайып көңілмен*, *күпті*

жүрекпен бейтаныс елдің босағасын аттағаннан соң арада бір жарым жыл өтер-өтпесте бүкіл Россиядағы ең мәртебелі, атақты әрі дәулетті адамдардың қатарына қосылды, үлкен жұрттың санаулы сәнді ордасының біріне айналды [2]. Жасы он жетіге жаңа шыққан бала сұлтан түстік пен терістіктің ғана емес, батыс пен шығыстың, бар әлемнің тағдыры өз қолына тапсырылғандай, *асқақ ой, тәкаппар көңіл жетегінде* еді [2].

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, «Аласапыранда» эпитеттер әртүрлі қызмет атқарады: олар заттар мен құбылыстарды бейнелі түрде сипаттап, даралап көрсетеді; кейіпкерлердің ерекше белгілерін, олардың рухани әлемін түсінуге көмектеседі. Тұрақты эпитеттерге мысал: *ауыр ой, асқақ ой, жылы сөз, ала құйын мінез, аққұба өң, қоңыр самал, ақсары жүз, асау сезім, ыстық құшақ, мұқалмас қажыр*; авторлық эпитеттерге мысал: *жарықшақ ақыл, күнәкәр ой, меймандос көңіл, әзәзіл көрік, кембағал қауым, қаймыжық жас, өлермен ой, мамырлы кейіп, мұзбалақ бүркіт, суыт жүріс, қарымсыз қасқыр, шалт мінез, құрсақтанған ана, жетектеген түйткіл сезім*.

Суреткердің реалистік стилі көркем туынды тілінің бейнелеу құралдарымен де ерекшеленеді. Автордың теңеулері қарапайымдылығымен, дәлдігімен ерекшеленеді. «Аласапыран» диалогиясында табиғат әлеміне қатысты теңеулерді де кездестіруге болады. Мысалы: *Әлдеқайдан, жабық астынан түскен жіптіктей күн сәулесі кере тартылған ақ жібек арқан сияқты* [2]. Көш жолынан сәл қиыс осы бір тұста ескі арнаның ойысында пайда болған көлшік бар сияқты еді. Соны жағалай қонса керек, *сирек жағылған оттар сұлбасы жаңа туған айға ұқсайды* [2].

Кейіпкердің эмоциялық сезімдерін, оның мінез-құлқын сипаттау үшін автор бірқатар эмоциялық теңеулер тізбегіне жүгінеді: *Ораз-Мұхамед ішіне от түскендей ширықты* [2], *жымысқы күлкі қатып, мұзға айналғандай* [2], *Ораз-Мұхамед өткенін екшеп, бүгінін безбендеп, батпақтан жұлық түсірмей өтер жол таппады. Кейде, тіпті біржолата батып кеткендей тұншығатын* [2] т.б.

Автор кейіпкердің сыртқы келбетін, қимылын сипаттайтын жағымсыз бағалауыш сипатты мәнерлі теңеулерді де қолданады. Мысалы: *Патша орындығына сылқ отырды, жақ астынан құлап ешкінің бауыр жүніндей салбырай түскен сақалын уқалап үнсіз қалды* [2]. Бірақ айыпкерлерде манағы қарқын жоқ. *Судан жеріген сиырдай*, мұрындарын шүйіріп, бастарын шайқай, бұрынғыдан әлдеқайда ауырлап кеткен шараларын қолдарына қайта алған. Содан сон *Исмайыл буын-буыны дірілдеп, етпеттей жығылған. Есінен танып қалса керек, құздан құлаған түйенін өлексесіндей*, қимылсыз, тілсіз теңкііп жатыр [2]. *Жеті басы қайта тірілген жалмауыздай*, бойына тың күш құйыла бастаған *Кәззап та қақан қаққан* [2].

М. Мағауин қазақ тілінің лексикалық-семантикалық және грамматикалық мүмкіндіктерін де кеңінен жұмсайды. Мәселен, автор қолданған әдістердің бірі – белгілі бір лексикалық құралдарды таңдауды қажет ететін контраст әдісі. Қазақ тілінің лексика-семантикалық құралдарын жетік білу, мағынаның ең нәзік реңктерін ажырата білу жазушыға көркем контрастың таңғажайып үлгілерін жасауға мүмкіндік береді. Талданатын роман-диалогияда контраст әдісі, әдетте, акротеза және антитеза әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Акротеза (грек. акро – үсті) – қарама-қарсы ұғымдарды теріске шығару арқылы болмыстағы белгілі бір құбылыстарды немесе нысандарды мақұлдау [9].

Мағауиннің «Аласапыран» роман-диалогиясынан мысал келтірілді: *Батырдың бәрі бекзат емес екен: арасында бәрі де, қорқау да бар. Өлім емес, қаза. Қаза емес, қасап қырғын. Бір адам емес, жүз мың қол!* [2], *жасы кіші деме – қара қанжар шығар* [2], *жазалы емес, жапалы көрінген. Жапалы емес, жалалы* [2], *мақтау емес, баға* [2], *ажал емес, құрал* [2], *жүрген жеріне себесін емес, бөгесін болуы мүмкін* [2], *сән кетті, сән емес, мән кетті* [2], *құдық емес, көлшік* [2], *саусақ емес, найза сияқты* [2] т.б.

Бір қызығы, М. Мағауинде гипербола, литота, градациялар біршама жиі қолданылады. Литота – затты немесе құбылысты белгілеріне, қасиетіне қарай кішірейте суреттеу арқылы бейнелейтін көркемдеуіш құрал. Автор тыңдаушыға тосын әсер туғызу үшін литотаны да көп жұмсаған. Мәселен: *ат төбеліндей әскер, бір кескен картадай, торғай құрлы пана табар*,

оймақтай күміс тостаған, бір тұтам жақындамай, тұлақтай ғана жері бар, алақандай уез, теңіздегі тамшыдай, құртақандай кез, ат төбеліндей қауым, ұядай, терлікттей.

Әсірелеу (гипербола) – эмоционалды бағалауды күшейту құралы. Бұл белгілі бір қасиеттерді, үдерістерді немесе құбылыстарды, әрекеттерді шамадан тыс асыра сілтеу. Грек тілінен алғанда «гипербола» шамадан тыс және артық деп аударылады [10].

Суреткер кейіпкер бейнесін беруде *омырауы даладай, талыстай зор дене, соқталдай бала, иығы қақпақтай, төбедей теңкиген бояр, қауғадай сақал түрінде әсірелеуді таптырмас құрал ретінде алған. Сондай -ақ, әртүрлі құбылыстардың экспрессиялық әсерін ұштау үшін де жұмсаған. Мысалы: самаладай көрінген, көлдей үлкен сырмақ, ет төбедей үйліп, тұздық көлдей ағады, аузын арандай ашып, дағарадай, жағасы көлдей, төбедей теңкиген, таудай пәле, қан шелекттей атқылап қоя берді, бармақтай қорғасын т.б.*

М. Мағауинде роман-диалогиясында қолданылатын тілдік құралдардың ішінде фразеология екінші орында. Лексиканың осы экспрессивті қабатының көмегімен автор болып жатқан құбылысқа дұрыс баға беру мақсатында фразеологизмдерді сәтті қолданады. Жазушы дайын фразеологиялық бірліктерді жай ғана жаңғыртып қоймайды, сонымен қоса оларды өзінің концептуалды жүйесіне енгізеді.

М. Мағауин қолданған фразеологиялық оралымдарды талдау мәтіндегі фразеологиялық бірліктердің қызметін түсінуге және ерекше семантикалық-стилистикалық реңктерді ашуға мүмкіндік береді. Суреткердің «Аласапыран» роман-диалогиясында қолданылған фразеологиялық бірліктерді мазмұны жағынан «адамның эмоционалдық және физикалық күйі», «адамның сипаты, мінез-құлқы, қасиеттері», «құбылыстар мен жағдайлардың сипаттамасы» тәрізді фразеологиялық семантикалық топтарға біріктіруге болады.

М. Мағауиндегі фразеологиялық бірліктерді түрлендіру әдістерінің ішінде біз мына түрлерін ерекше маңызды және мәнерлі деп атап көрсетеміз:

Фразеологизмнің лексикалық құрамын, компонентін кеңейту, қысқарту немесе ауыстыру арқылы өзгерту (пәле-жаладан *қақас қалу, аузымнан жсырып ағымды берем, астымнан түсіп атымды берем*, тиыннан *теңге* құраумен, адасқан *қаз* үйірін табады, көңіліне *секем кіреді*, басы шытынай *кеберсиді, сары* таңдақ, *тынысы бұрыңғыдан да тарылды* [10]. *астынан біз қадағандай атып тұрды, төнген қатер, тулақай ету, көрге кіргенше кетпес дық қалар еді көңілде, сең соққан қамыстай жоғарылау, бағы қайтқанын көріп, қағанағы жарылғанша қуану, үй артындағы кісінің құлақ құрышы қансын, жанын жегідей жеңген тәңірі тағала т.б.)». Ұзын арқау, кең тұсау» дегенді «кең тұсау, ұзын арқан» түрінде алмастырған.*

Жазушы фразеологизмдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қоса, оларды әртүрлі мәнге келтіріп өңдейді, сөйтіп жаңа мазмұн береді. «Аласапыран» диалогиясынан мысал келтірейік: «*Шешінген судан тайынбас*» дегенді өлсек *шәйтпіз, шешіндік – тайынбайық деген* [2]. «*Арыстан айға шауып мерт болыпты*» дегенді автор «*арыстан туса да, айға шаппай-ақ мертігіпті*», - деп берген. [2]. «*Қатын жолда, бала белде*» дегенді «*ел бізде, бел сізде*» [2] өшкенің жанды, бірақ өлгенің – тірілгені қане?

М. Мағауиннің көркем дискурсындағы фразеологиялық бірліктерді талдау барысында олардың сөздіктерде көрінбейтін қырлары мен әлеуетті мүмкіндіктерінің мол екендігін байқадық. Роман-диалогияда көркем бейнелеудің түрлі-түсті құралы болып табылатын «сауын айту, табан тіреу, бас имеу, айбар төгу, найза бойы, ақ киізге көтеру, отқа түсу, мойын ұсыну, көзге түскен, көңілі күпті, қызыл кеңірдектен керіскен, бауырына басқан, жас та болса бас, қар жастанып, қан кешу, күн жайлату, ат құлағында ойнау, көз байлана, ел аяғы басылған шақта, мін таппақ, ашу қысу, тұнығын лайлау, тізе бүкпеген, жүрегі дауаламау, бал-бұл жану, сөзбұйдаға салып жүру, көндіге алмау, құлақ асу, көңіл көтеру, жайнаң қағу, құлақ тігу, кебін құшу, жан сауғалау, атын шығару, қан жұту, айқасқа түсу» фразеологизмдер мольнан ұшырасады. Суреткерде окказионал фразеологиялық бірліктер де (ерлігі елу жұртқа белгілі, көңілінен кірпі түк түйткіл, қоңторғай тіршілік, бұлғақты қоздыру, көңілі сонша қоңылтақсып) кездеседі.

М. Мағауиннің «Аласапыран» тарихи-диалогиясының тіл өрнегінен перифразаларды стилистикалық құрал ретінде жиі қолданғанын анықтадық. Суреткер еркін фраза немесе

тұтас сөйлем түрінде тиісті заттың немесе құбылыстың атауын алмастырады. Қаламгерде авторлық перифразалар басты рөл атқарады. Мәселен, Үшінші Рим (Москва), талай жерге барып қайтқан (мас болған), бейіш күймесі (жаннат), ақ патша (аждаһа), алпауыт бояр (ордалы жылан), жаһанамның қаншығы (өсекші), арттағы өмір (соқыр соқпақ) т.б.

Ерекше мәнерлі және ұлттық бояуы бар фразеологизмдерді қыл қалам шебері өзіндік стиль құрау мақсатына алған. Сөз зергері қаламының ұшына қос тағанды фразеологизмдер де ілігеді.

Ғалым С.К. Сатенова «формалды тұрғыдан алғанда, жарыспалы екі қатардан тұратын, ауызша түрде бір-бірімен кідіріс (пауза) арқылы, жазба сөзде үтір арқылы ажыратылатын» фразеологизмдерді қос тағанды фразеологизмдер деп атайды [11].

М. Мағауиннің роман-диалогиясында авторлық дыбыстық әрі мағыналық, тұлғалық үйлесімі келіскен (Сырдың сағасы, Есілдің етегі, ұрыспай ұтар, сайыспай сындырар, қырағы көз, сақ құлақ, даңғыра қағысып, шақылдата шыңдауыл ұрған, анттас аңда, қандас қарындас, жарты жерін жауда, жарым жұртың дауда, сары баланың қамы, қылышы сенің қыныңда, жаны сенің жолыңда, ұзын арқау, кең тұсау, бара жер, басар тау, тоқ жүрсең, тек жүр, судай сіңіп, тастай батты т.б.) қос тағанды фразеологиялық тіркестерді кездестіреміз.

Жазушыда терең мазмұнды, образдылығы жағынан халық тіліндегі мақал-мәтел, қанатты сөз тіркестері де әр түрлі тәсілде жұмсалады. Суреткер оларды тұлғалық өзгерістерге ұшыратпай, өз қалпында қолдану арқылы эмоционалды-экспрессивті мәнде жұмсаған. Мысалы: Би екеу болса, дау төртеу болады, өзекті жанға өлім бар, жас та болса бас, қысыр кеңес қыр асырмайды, аға тұрып бала сөйлегеннен без, төре тұрып қара сөйлегеннен без, бөрі бөрілігін танытпай қоймас, батырға да жан керек, желкедегі жау жаман, ел бастап көсем де болған, сөз бастап шешен де болған, ажалдан ешкім қашып құтылмайды, бөрі тірлігін танытпай қоймас, у жесең – руыңмен! көзге кім бұрын басылса, сол ыстық т.б.

Автор мақал-мәтелдерді тура мағынасында қолданғанда олардың мазмұнынан белгілі бір астарлы ойды байқаймыз. Мәселен: батырдың бәрі бекзат емес екен: арасында бөрі де, қорқау да бар. Бірі – ерлікті атақ шығарар, абырой асырар ойын көрсе, бірі – олжа түсірер, ошақтың бұтын көбейтер кәсіп санайды, халық бала - өзін кім жақсы көрсе, соған құлап түседі, иесін сыйласаң, итіне сүйек сал т.б.

Қылқалам шебері жалпыхалықтық мақал-мәтелдер, коммуникативтік фразеологизмдер үлгісінде өз қолтаңбасын танытатын бейнелі сөз орамдарын жасайды. М. Мағауиннің роман-диалогиясындағы авторлық қолданыстары тұжырымды ойға, терең логикаға құрылған. Мысалы: Исі қазақтың қара қазаны орта болса, сенің сары балаңның тоқшылығы да ұзаққа бармайды. Ақылынан алжасса да өз арысына қарсы шаппайды. Қайткенде де жұрт өзіндікі, жақсы көруге тырыс, жақсы көрініп үйрен. Қарашы бегің – қыран құс, жем үшін ұшады, қызылдан қақпасаң, қызыл шолақтың өзін алып береді. Кеселіне қымыз жақпаған жан – кісі болып қатарға қосылмайды. Батырлық пен мәрттік – егіз, ездік пен аярлық – ағайын. Жер пұшпағын түгендеп, ел бұзығын жүгендеп. Кешегі дұшпан аңқасы құрып, ас сұрап келсе, қызметші қыл да қасыңа ал; кешегі дос атқа мініп, жау сұрап келсе, қапысын тап та басын ал! Тең азамат – аңда болмақ, текті ауылдар құда болмақ. Асауды ауыздықтайтын - бұғалық, алысты ағайындастыратын – құдалық. Жау іздеген жарактыға жолығар, жорық тілеген жортуылшының басы жолда қалар, жақсы пейіл арам ниеттен туындамайды т.б.

Жазушы туындысындағы коммуникативтік фразеологизмдердің тұлғалық өзгеріске ұшырауы оның жалпы мағынасына ешбір нұқсан келтірмейді, керісінше мақал-мәтелдің мағыналық жақтарына біраз болса да қосымша мән-мағына үстейді. Мысал келтірейік: жасы кіші деме – қара қанжар шығар. Батырға да жан керек, жанын тастай алмай жатқан кім бар. Барын бағалай біл, кемісін қазбалама, Жұртыңның жүз тілегін орында, жүз біріншіде мың батпан жүгінді көтереді, Айтылған сөз – атылған оқ, қайта айналып адырнаға салынбас, бүгінгі шырғалаң – шалшық су, кешесің де өтесің. Ертеңгі дүрбелең – айналып өткізбес ми батпақ болып шықпасын. Әлін білмеген есер. Көк дөненнің тізгінін босатса, көңілге не оралмайды. Балаңның баласының баласы – жетінші емес, жетпіс жетінші ұрпағың мұрат табады. Кіндігің бір – ішіңе кірне сақтама т.б.

Тілдің бейнелілігі тілдің эстетикалық қызметінде қолданылуы болып табылады. Көркем сөздер метафоралық мағынада болғандықтан ғана бейнелі емес. Г.О. Винокурдың айтуынша, «көркем сөз ешқашан өзінің тура мағынасымен шектелмейді. Бұл жерде неғұрлым кең мазмұн басқа сөздердің қатысуымен жасалады. Бұл құбылыс мағынаның дамуы деп аталады. Мағынаның дамуы көркем сөздің бейнелілігін тудырады» [12].

Поэтикалық шығарманы жасауда «автор алдына қойған мақсат пен міндетіне, қарым-қатынас саласына, мәтіннің ерекшеліктері, жанрлық сипаты мен стильдік ерекшеліктеріне сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдайды» [13]. М. Мағауиннің де сөз еткен тақырыбының мазмұнына, жанрлық жаңашылдығына көңіл бөлсек, біршама сөздерді жиі қолданысқа түсіріп, актив сөздік қорына айналдырғанын байқауға болады. «Аласапыран» диалогиясында бір ғана «көңіл» сөзі 100-ден астам қолданысқа түскен.

Көңіл – өзіндік арқалаған жүгі бар философиялық ұғым. Ол негізінен адам болмысы, тек адамға қатысты қолданылады. Жазушы туындысына төмендегідей түсініктер анықталды. Мысалы: көңіл өседі, көңіл жайланады, көңілі босады, көңілі қатты құлаған, көңілін табу, көңілі қалаған, көңілі қызықтан жерімеген, көңілдері орнығып, көңілін толқытқан, көңілі ортаю, күпті көңілін аулап, көңіл-күйін бақты, көңілін табу, көңілмен тану, көңілі жайланған, көңілі толу, көңілінде қызғаныш оты тұтану, көңілі тез басылды, көңілінде дық қалған, көңілі толмаған, кекірт көңілін басу, көңілі алағызып, көңілі құлазып, көңілмен аңдады, көңілмен түйсініп, көңілі қаласа, оқыс көңілденген, көңіліне енген күмән, көңілге түйген, көңілі құлазып, көңілі тоғайды, көңіліне көбірек қатер ұялатқан, көңіл қоя бастаған, көңіліне қонбау, көңіл тоймас, көңілге жел бітірген, көңілін жықпау, кеніш көңілге ие болған, көңіліне қорқыныш енді, көңіліне жаққан т.б. Бұл тіркестердің екінші сыңарында келген етістіктер бастапқы лексикалық мағыналарының үстіне «көңіл» сөзімен келіп образды мағынаға ие болған. Бұдан М. Мағауиннің сөз қолдану шеберлігін көреміз.

М. Мағауин поэтикасында «Көңіл» сөзінің есімдермен қоса, етістіктің түрлі формасында анықтауыш қызметінде жұмсалған түрлері де кездеседі: көтеріңкі көңіл, тәкаппар көңіл, қатқыл көңіл, риясыз көңіл, кең көңіл, қырыс көңіл, балаңқы көңіл, кекірт көңіл, күмәнді көңіл, өрекіген көңіл, дос көңіл, хош көңіл, бұла көңіл, бұлдыр көңіл, көңілі таза, алмағайып көңіл, жақын көңіл, қам көңіл, қаралы көңіл, риясыз көңіл, албырт көңіл, тоң болып қатқан көңіл т.б. Сондай-ақ, «көңіл» адамның ішкі әлемінің бөлшегі түрінде емес, өзіне де меншікті құрамдары, ішкі әлемі бар бүтін «тұлға» ретінде көрінеді. Оны төмендегі матаса байланысқан есімді тіркестерден көруге болады. көңіл жарастығы, көңілдің дерті, көңілдің жұқанасы. Шығарма авторының ниетін жеткізу және көркем мәтіннің эстетикалық қызметі стилистикалық құралдар немесе экспрессивті сөйлеу бірліктерін құрудың лингвистикалық моделі болып табылатын әдістер арқылы жүзеге асырылады, оның мазмұны контекст пен коммуникация мақсаттарына байланысты өзгереді.

М. Мағауин шығармашылығына парцелляцияны көркемдік құрал ретінде қолдану тән. Ең алдымен, парцелляция құбылысына анықтама беріп алайық.

Парцелляция дегеніміз – фразаны, ойды, сөйлемді бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не мәтінді жеке өз алдына аулақтатып орналастыру [14], – деп атап көрсетеді З.Я. Тураева.

М. Мағауиннің роман-диалогиясындағы парцелляцияның атқаратын қызметтерінің ауқымы кең. Сөз зергері парцелляция құбылысы арқылы оның бейнелеу-сипаттамалық, грамматикалық-синтаксистік, эмоционалды қызметіне жүгінеді.

Суреткердің «Аласапыран» диалогиясынан мысал келтірелік: «Шағым болсын. Өзі батыр, өзі ақылды. Жоқ, тым қатал. Бірақ қаталдық та керек-ау. Жаңағы Төман би ғой, Шах-Мұхамедпен олай сөйлесе алмас еді. Байқап көрсін! Шағым. Жоқ, одан гөрі Есім лайық. Мейірбан. Кең. Әзір Шағым сияқты атағы шықпағанмен, ерліктен де кенде емес. Ал Тұрсын ше? Әй, осы бәрінен Тұрсын жақсы-ау... Байсалды. Парасатты. Іскер. Көрді ғой кеше. Қонысы бәрінен алыс еді, темірші, көміршісі елдің алдымен жетті. Рас, әлі ұрысқа кіріп, батырлығы сыналған жоқ. Бірақ атасы...Атасы басқа! Әйтсе де бөтен емес-ау. Шөбере. Арғы атамыз Әз-Жәнібек, бәріміз бір туғанбыз» [2].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: қазақ әдеби тілінің даму барысында Мұхтар Мағауин шығармашылығының маңызы айырықша зор. Уақыт ілгерілеген сайын суреткердің шығармашылық диапазонының ауқымы ұлғайып арта береді.

Қорытынды

М. Мағауин «Аласапыран» роман-дилогиясы арқылы XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасыр басындағы әдеби және ауызекі тілдің бояуын дәл жеткізуді алдына мақсат еткен. Жазушы өзінің көркем туындысы арқылы қазақтың ежелгі жазу стилін, сөз саптау мәнерін сол дәуірмен үндестіруге тырысты. Автор бұл мақсатына жетті де.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы бірнеше негізгі аспектілерде көрінеді:

1. Тіл мен ұлттық бірегейлік туралы жаңа түсініктерді қалыптастыру: бұл зерттеу тек ақпаратты берумен ғана шектелмейді, сонымен қатар мәдени және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретіндегі тіл туралы бар түсініктерді тереңдетеді.

2. Мағауиннің психикалық, эмоционалдық және мәдени дүниелерді жеткізу үшін қолданылатын тілдік құралдарын анықтау филология ғылымы саласындағы болашақ зерттеулерге негіз болады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы білім беру үдерісін байыту болып табылады: зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті бойынша дәріс курстарында, семинарларда және практикалық сабақтарда қолдануға болады, бұл тіл мен ұлттық бірегейліктің өзара әрекеттесуін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Виноградов В.В. Язык художественного произведения // Вопросы языкознания. – 1954. – №5. – С. 3-26.
2. Мағауин М. Аласапыран: Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1988. – 828 б.
3. Жұмаділов Қ. Мұхтар Мағауин туралы сөз // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 28 қаңтар. Б. 4-5
4. Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шанбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 134 б.
5. Al-Hasnawi A.R. A cognitive approach to translating metaphors. // Translation Journal. – 2007. – Vol. 11, No. 3. – URL: <https://translationjournal.net/journal/41metaphor.htm>.
6. Chalker S., & Weiner E. The Oxford Dictionary of English Grammar. – Oxford: Oxford University Press, 1998.
7. Chapman R. Linguistics and Literature: An Introduction to Literary Stylistics. – London: Edward Arnold, 1989. – 119 p.
8. Babb H.S. Essays in Stylistic Analysis. – New York: Harcourt Brace Jovanovich, 1972. – 392 p.
9. Введенская Л.А. Словарь антонимов языка. – Ростов н/Д.: Феникс, 1995. – 544 с.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1995. – 360 б.
11. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1997. – 10.02.02 мамандығы бойынша.
12. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. – Москва, 1959.
13. Болотнова Н.С. Филологический анализ текста: учебное пособие. – Москва: Флинта, 2009. – 520 с.
14. Тураева З.Я. Категория времени. Время грамматическое и время художественное. – Москва, 1979. – 219 с.

References

1. Vinogradov V.V. «Yazyk khudozhestvennogo proizvedeniya» // Voprosy yazykoznaneya. №5, 1954. P. 3–26. (In Russian)
2. Magauin M. Alasapyran: Tarikhi roman. Almaty: Zhazushy, 1988. – 828 p. (In Kazakh)
3. Zhumadilov Q. «Mukhtar Magauin turaly soz» // Qazaq adebieti, January 28, 2000. P. 4-5. (In Kazakh)

4. Adebiettanu terminder sozdigi. Compiled by Z. Akhmetov and T. Shanbaev. Almaty: Ana tili, 1998. – 134 p. (In Kazakh)
5. Al-Hasnawi A.R. A cognitive approach to translating metaphors. // Translation Journal. – 2007. – Vol. 11, No. 3. – URL: <https://translationjournal.net/journal/41metaphor.htm>.
6. Chalker S., & Weiner E. The Oxford Dictionary of English Grammar. – Oxford: Oxford University Press, 1998.
7. Chapman R. Linguistics and Literature: An Introduction to Literary Stylistics. – London: Edward Arnold, 1989. – 119 p.
8. Babb H.S. (Ed.). Essays in Stylistic Analysis. – New York: Harcourt Brace Jovanovich, 1972. – 392 p.
9. Vvedenskaya L.A. Slovar antonimov yazyka. Rostov-on-Don: Feniks, 1995. – 544 p. (In Russian)
10. Qabdolov Z. Soz oneri. Almaty: Sanat, 1995. – 360 p. (In Kazakh)
11. Satenova S.K. Qazaq tilindegi qos tagandy frazeologizmlerdin tildik zhane poetikalyk tabigaty: Dokt. diss. (10.02.02). Almaty, 1997. (In Kazakh)
12. Vinokur G.O. Izbrannye raboty po russkomu yazyku. Moscow, 1959. (In Russian)
13. Bolotnova N.S. Filologicheskiy analiz teksta: uchebnoe posobie. Moscow: Flinta, 2009. – 520 p. (In Russian)
14. Turaeva Z.Ya. Kategoriya vremeni: Vremya grammaticheskoe i vremya khudozhestvennoe. Moscow, 1979. – 219 p. (In Russian)

E.M. Samekbayeva

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

ORCID: 0000-0003-0137-463X

e-mail: elmira5_66@mail.ru

THE ARTISTIC LANGUAGE INNOVATION IN M. MAGAUI'S DIALOGY NOVEL «ALASAPYRAN»

Abstract. The article examines the linguistic and stylistic features of Mukhtar Magauin's novel-dilogy «Alasapyran» as a reflection of national identity. The relevance of the work is determined by the need to study the role of language in the formation and strengthening of national consciousness in the context of historical and cultural changes. The purpose of the study is to identify the lexical, syntactic, and stylistic tools used by the Online Store. In particular, linguistic and stylistic means are considered at the phonetic, syntactic and lexical levels. The main lexical, figurative and expressive linguistic means used by the author in the interpretation of the ideological and artistic content of the dilogy «Alasapyran» are analyzed separately. It is considered how such techniques as comparison, metaphor, epithet, hyperbole, periphrasis, litote, acrothesis, author's occasional, parcel, stylization serve the author's idea as a means of creating a writer's own conceptual system in a dilogy.

The significance of the article lies in a deep analysis of stable expressions in the artist's works, the use of artistic words, and their influence on the formation of the national literary language. In particular, it is analyzed that the author borrowed from the phraseological composition of the national language what is necessary and used them as variously as possible. The author's aphorisms were also identified and analyzed in terms of linguistic and stylistic characteristics.

The methods of linguistic, semantic and linguistic analysis are used in the work. The study concluded that these linguistic tools are important for the formation of national consciousness, which paves the way for further study of national identity.

Key words: style, parcellation, periphrasis, acrothesis, metaphor.

Э.М. Самекбаева

Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

ORCID: 0000-0003-0137-463X

e-mail: elmira5_66@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННО-ЯЗЫКОВАЯ ИННОВАЦИЯ РОМАНА-ДИЛОГИИ М. МАГАУИНА «АЛАСАПЫРАН»

Аннотация. В статье рассматриваются лингвостилистические особенности романа-дилогии Мухтара Магауина «Аласапыран» как отражение национальной идентичности. Актуальность работы обусловлена

необходимостью изучения роли языка в формировании и укреплении национального сознания в условиях исторических и культурных изменений. Целью исследования является выявление лексических, синтаксических и стилистических средств, используемых М. Мағауином. В частности, рассматриваются лингвистические и стилистические средства на фонетическом, синтаксическом и лексическом уровнях. Отдельно проанализированы основные лексические, образные и выразительные языковые средства, применённые автором при интерпретации идейно-художественного содержания диалогии «Аласапыран». Рассмотрено, такие приемы, как сравнение, метафора, эпитет, гиперболы, перифраза, литота, акротеза, авторский окказионализм, парцелляция, стилизация служат авторской идее как средства создания собственной концептуальной системы писателя в диалогии.

Значимость статьи заключается в глубоком анализе устойчивых выражений в произведениях художника, употребления художественного слова, их влияния на формирование национального литературного языка. В частности, анализируется, что автор заимствовал из фразеологического состава общенародного языка то, что необходимо, и использовал их как можно более разнообразно. Также выявлено и проанализировано афоризмы писателя с точки зрения лингвистических и стилистических характеристик.

В работе использованы методы лингвистического, семантического и лингвостилистического анализа. В исследовании сделан вывод о том, что эти языковые инструменты важны для формирования национального сознания, что открывает путь для дальнейшего изучения национальной идентичности.

Ключевые слова: стиль, парцелляция, перифраза, акротеза, метафора.

Автор туралы мәлімет

Самекбаева Эльмира Максұтқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. «Шәкәрім университеті» КеАҚ қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>, e-mail: elmira5_66@mail.ru.

Сведения об авторе

Самекбаева Эльмира Максұтовна – кандидат филологических наук, доцент. Старший преподаватель кафедры казахской филологии и журналистики НАО «Шәкәрім Университеті», Республика Казахстан, Семей, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>, e-mail: elmira5_66@mail.ru.

Information about author

Elmira Samekbayeva – Candidate of philological sciences, associate professor. Senior lecturer at the Department of Kazakh philology and journalism of the «Shakarim University», Republic of Kazakhstan, Semey, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>, e-mail: elmira5_66@mail.ru.

IRSTI: 16.21.55

A.K. Ospanova*¹, R.M. Geybullayeva², T.V. Shevyakova³

¹Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

²Baku Slavic University,

Azerbaijan, Baku, 8th November 23 Avenue

³Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,

050000, Republic of Kazakhstan, Almaty, 200 Muratbayev street

*ORCID: 0000-0003-3209-127x

*e-mail: a.ospanova@shakarim.kz

FUNCTIONAL AND STYLISTIC FEATURES OF THE VERBAL REALIZATION OF COGNITIVE DISSONANCE IN THE ENGLISH-LANGUAGE NEWS TELEVISION MEDIA DISCOURSE (AND ITS COMMENTS)

Abstract. The article is devoted to the problem of identifying the functional and stylistic features of the verbal realization of cognitive dissonance on the material of the English-language news television media discourse (using the example of «Sky News»), and through the comments left under the video on the official YouTube channel. The paper considers the characteristic features of cognitive dissonance, provides examples of the use of stylistic devices used by recipients of information to express cognitive dissonance, and analyzes their role as an indicator of cognitive dissonance.

For example, with the help of irony, recipients of information can express cognitive dissonance. On the basis of the study, the authors propose their interpretation of the problem of identifying the functional and stylistic features of the manifestation of cognitive dissonance. In the process of work, the following methods have been used: discourse analysis, content analysis and functional-stylistic analysis. As a result of the study, the following goals have been achieved: identifying cases of cognitive dissonance using stylistic devices, analyzing media discourse and comments.

Key words: cognitive dissonance, media discourse, stylistic device, commentary, contradiction.

Introduction

A modern individual is exposed to a substantial volume of new information on a daily basis, particularly in the current era, where virtually everyone possesses a smartphone. Despite numerous discussions regarding the potential negative effects of prolonged phone usage, individuals habitually check news feeds on social media platforms or messages in instant messaging applications. Frequently, newly encountered information is not readily or easily comprehended; rather, it often elicits conflicting emotions in the recipient. This, in turn, can contribute to the development of cognitive dissonance. Consequently, given our continuous access to new information, it can be inferred that individuals may experience cognitive dissonance multiple times throughout the day, to varying degrees.

One of the most common sources of information today is television news media discourse, which many consumers prefer to access online at their convenience. The components of television news media discourse typically include news reports, interviews, and expert opinions. As a result, situations involving cognitive dissonance may arise both among participants in the media discourse and within the target audience.

It is widely recognized that one of the key features of the internet is the ability to comment, allowing recipients to verbally express their reactions to information at any time following its publication. These comments are accessible not only to the original author of the media discourse but also to other users, who may in turn respond to them if they so wish. Accordingly, it can be assumed that, in reacting to media discourse, users may verbally express cognitive dissonance through the use of various expressive means.

Expressive means and stylistic devices have long been employed by authors to convey emotions. These devices add imagery and enrich speech, enabling speakers to more precisely communicate the emotional states elicited by certain information. For instance, a metaphor can highlight similarities by comparing one concept to another, repetition can draw attention to the author's central idea, and an ellipsis may indicate an incomplete or deliberately withheld thought.

A significant contribution to the development of stylistics was made by the Swiss linguist Charles Bally, a student of the renowned Ferdinand de Saussure. Charles Bally offers the following definition of stylistics: «Stylistics studies the emotional expression of elements of the language system, as well as the interaction of speech phenomena that contribute to the formation of a system of expressive means in a given language» [1].

In addition to the distinctions between language and speech introduced by his teacher F. de Saussure, Bally introduced the concept of colloquial language and sought to incorporate extralinguistic parameters into linguistic research. Thus, according to E.O. Oparina, «the study and analysis of language involves not only a description of the relationships among elements of the linguistic system, but also an examination of the interrelations between speech and the communicative situation, as well as between speech and cognitive processes. In this context, Bally understands the speaker's consciousness and the content of their cognitive processes as a complex that includes both logical and emotional elements. Bally emphasizes the importance of the emotional dimension of language and speech—he opposes both excessive logical positivism in linguistics and the overemphasis on the analysis of isolated forms, in which words and expressions are broken down into roots, suffixes, prefixes, and other elementary components solely for etymological or formal analysis» [2].

Furthermore, Bally draws attention to the influence of social factors—such as profession, environment, and social practices—on the stylistic coloring of speech. That is, even a highly educated

individual may not be familiar with the meaning of every word in the dictionary [1]. For example, it is evident that, in most cases, a non-specialist will struggle to understand professional terminology, which in turn may lead to cognitive dissonance, as something previously familiar may acquire a new and different meaning in a specialized context.

Material and Methods

The term «cognitive dissonance» was introduced into academic discourse by American social psychologist Leon Festinger. According to Festinger, cognitive dissonance refers to «...the existence of non-fitting relations among cognitions within a cognitive system... Cognitive dissonance can be understood as a state that motivates actions aimed at reducing it» [3]. Thus, cognitive dissonance may arise when newly acquired information contradicts what was previously known. In an effort to resolve this dissonance, individuals either attempt to adapt their knowledge or beliefs to align with the new situation or choose to disregard the new information in order to maintain their original perspective [3].

The material for this study comprises English-language television news media discourse and the accompanying user comments, as these comments serve as a platform through which recipients may articulate views that dissonate with those expressed in the original media discourse. For the authors of the media discourse, these comments reflect the recipients' responses to their work. For example, in her article «Internet Comments and Online Reviews: Parameters of Genre Distinction», E.Ch. Dakhalayeva writes: «...internet comments contribute to the continuity and interactivity of online communication. They allow internet users to express their opinions and viewpoints in response to any given stimulus in the modern web space (the post could be a news item, video, audio, or any other verbal or non-verbal content). The primary value of a comment lies in the opportunity it provides users to deliver either a detailed or concise evaluation of the post, clarify unclear points, or express agreement or disagreement with the author of the original post» [4].

Accordingly, the examination of media discourse together with the discourse of user comments is viewed in this study as one of the most effective methods for identifying instances of cognitive dissonance. Through the analysis of comments, it becomes possible to observe what specifically triggered the dissonance, how it is expressed linguistically, and, when applicable, how other users respond to it.

The following methods were employed in this research: discourse analysis, content analysis, and functional-stylistic analysis.

Professor Norman Fairclough defines discourse as «a social practice that creates social identities, social relationships, and systems of knowledge and meaning in the social world... [which] simultaneously reflects and constitutes ideas and assumptions about the ways in which personal identity, social relationships, and knowledge systems are shaped by social practices» [5]. Since the focus of this research lies in the functional and stylistic features of the verbal expression of cognitive dissonance, it is essential to consider the discourse in which dissonance emerges. In this case, discourse analysis enabled the identification of linguistic features within television news media discourse that either trigger or serve as vehicles for the expression of cognitive dissonance.

The second method employed was content analysis. As Professor Klaus Krippendorff notes, «content analysis is a research technique for making replicable and valid inferences from texts (or other meaningful matter) to the contexts of their use» [6]. Since the news reports analyzed were primarily available in video or audio format, or as subtitles, full transcripts were manually produced and cross-referenced with the visual and textual content. A selection of media discourses was made, focusing on those which, in our view, contained contradictory ideas likely to provoke cognitive dissonance in the audience. Instances of dissonance were identified in viewer comments posted beneath the videos on the official YouTube channels of the news programs under examination.

The functional-stylistic analysis method was used to identify the distinctive characteristics of television news media discourse, particularly the stylistically marked linguistic elements that could evoke contradictory reactions or explicitly express dissonance.

Media discourse typically features a combination of expressive and conventional communicative elements, as well as specialized terminology. It blends traits from official, scientific,

and artistic styles. This convergence of linguistic elements associated with multiple functional registers may lead to confusion for the reader. Another characteristic feature of media discourse is its duality: on the one hand, it is subject to constant renewal, while on the other, it remains committed to fixed forms of expression contradiction in itself [7].

Therefore, it can be concluded that, despite its aim for neutrality, media discourse does include stylistic devices such as irony, antithesis, and quotation. This raises the question: how can a form of discourse designed to be widely accessible contain elements that provoke misunderstanding or contradiction? The answer lies in the fact that media discourses are both produced and interpreted by individuals with diverse perspectives, experiences, and worldviews, even if they share a common linguistic background. People use different words and stylistic techniques, which regularly gives rise to situations that result in cognitive dissonance.

Result and Discussion

Turning to specific examples, the media discourse of «Sky News» correspondent Tom Clarke in the report titled «Could gene-edited crops mean healthier food around the world?», in which the journalist poses the question: «Can gene-edited crops provide healthier food globally?» The report presents scientific developments, including the creation of a tomato variety with an increased level of vitamin D [8].

Tom Clarke: «They don't look any different to ordinary tomatoes which is very much the point, but these have been genetically edited to produce high levels of vitamin D. Normal tomatoes, like most fruit and vegetables, contain virtually none, but just one of these has as much vitamin D as two eggs or a serving of tuna» [8]. We observe the use of the stylistic device simile: «just one of these has as much vitamin D as two eggs or a serving of tuna».

Tomatoes have traditionally not been included in the list of foods recommended for vitamin D intake; such lists typically feature fish, eggs, fortified orange juice, and similar items [9]. The notion that tomatoes may now contain levels of vitamin D comparable to those found in fish or eggs challenges conventional dietary knowledge. Consequently, this juxtaposition of the familiar with the unfamiliar-introduced through a simile-may give rise to a state of cognitive dissonance in recipients of the information.

This psychological response is exemplified in the following comment posted by a viewer:

Organised Olive: «I'll pass, thanks» [8].

Although concise, this remark clearly signals a rejection of the information presented in the media discourse. It illustrates a classic response to cognitive dissonance: rather than adjusting existing beliefs or knowledge, the recipient opts to dismiss the new, contradictory information in order to preserve cognitive equilibrium.

The recipient's verbal response-expressed in the form of a sarcastic remark-demonstrates that they are experiencing cognitive dissonance and perceive only the negative aspects of gene-edited crops. The stylistic use of sarcasm serves to convey the individual's inner conflict and highlights the presence of contradictory elements within their cognitive system-specifically, the opposition between the concepts of «gene-edited crops» and «healthy food».

Moreover, within the media discourse itself, we find the use of metaphor by Professor Cathie Martin, a plant metabolic engineer and one of the lead researchers in the study:

Professor Cathie Martin, Plant Metabolic Engineer, John Innes Centre: «We talk about genetic tweezers so it (gene editing technique) really is very, very small nature equivalence. It can happen naturally or could happen naturally, but the amount of work and time required to make that change and to select it and breed it in is prohibitively long» [8].

The metaphor of «genetic tweezers» refers to the gene-editing technology that underpins the research team's work. Let us examine how this metaphor functions.

To begin, we consider the definition of the word «tweezers»: «Tweezers – a small instrument consisting of two narrow pieces of metal joined at one end, used for picking up small objects, often used in medicine or technical fields. For example: to extract a splinter with tweezers» [10].

This dictionary example evokes the image of removing something unnecessary, harmful, or painful. By analogy, the researcher compares gene-editing technology to tweezers because it allows

scientists to make precise changes, eliminate harmful elements, and improve the original organism—thus portraying the technology as highly beneficial.

Professor Martin emphasizes that her team was able to introduce something new and useful into the original product, in a way that mirrors nature itself. However, unlike natural evolution, they achieved the desired outcome within a much shorter time frame.

At first glance, the metaphor «genetic tweezers» fulfills its intended purpose: it presents the gene-editing method in a favorable light and evokes a positive, advantageous image. However, at the same time, the metaphor-proposed by the specialist-implies that certain manipulations are being conducted within a natural process. This raises the question of why it was necessary to modify tomatoes in the first place, especially when other food products naturally rich in vitamin D could serve the same purpose. Such reflections can easily lead to cognitive dissonance. One possible explanation is that gene-edited tomatoes might be more affordable than other foods rich in vitamin D.

Nevertheless, the following comment suggests that gene-edited products, after undergoing all necessary research and development, may end up being:

Top Gunna Boy: «And 10 times more expensive than regular tomatoes» [8].

The commenter employs hyperbole («10 times more expensive») to express the view that the price of such products for the end consumer would be excessively high. The author of the comment appears puzzled and possibly questions the value of such an «improvement».

Subsequently, we observe another user attempting to reduce the dissonance expressed by the previous commenter:

Lilia: «Maybe at first, but once it becomes more and more common, prices should then go down some. We're seeing it with stuff like dairy substitutes» [8].

Here, the commenter seeks to justify her opposing viewpoint by arguing that as the product gains popularity, its price is likely to decrease due to higher demand and the emergence of competing producers. As an example, she refers to the case of plant-based milk substitutes, which gained popularity in the 1990s and later became widely accepted by mainstream consumers [11]. It is possible that this comment helped reduce the cognitive dissonance experienced by other users, as evidenced by the two «likes» it had received at the time this material was prepared.

Overall, when a recipient of media discourse interacts with an antithesis—a rhetorical contrast of ideas presented through parallel linguistic structures [12]—as seen in the headline «Could gene-edited crops mean healthier food around the world?», cognitive dissonance may emerge between the discourse and the recipient's cognitive framework. In conventional public understanding, genetically modified products tend to evoke negative associations. There is a prevailing belief that the consumption of genetically modified foods is potentially unsafe. Upon reading or hearing the title of the media report, the audience may immediately associate it with genetically modified foods that ripen faster, have longer shelf lives, and are visually appealing—but which might carry unknown or adverse long-term effects.

The following comments illustrate a higher degree of cognitive dissonance, expressed through more emotionally charged language and stylistic devices. This indicates deeper reflection on the issues raised in the media discourse and, consequently, a more intense experience of dissonance.

Pit Tuk: «'Could gene-edited crops mean healthier food around the world?' – the answer is Yes! However, it is also Yes! to this question: 'Could gene-edited crops mean Armageddon?」» [8].

In this comment, the user employs stylistic repetition. Responding to the question posed in the headline, the commenter affirms it enthusiastically and then introduces a rephrased, dramatically opposing version of the same question—also affirming it. This structure highlights the idea that gene-edited crops might not only offer benefits but also pose catastrophic risks—an implicit allusion to the apocalyptic term «Armageddon». The exaggerated duality reveals the commenter's perception of both potential and threat.

Red Pilled Marine: «Healthier crops, Sicker humans.....» [8].

This comment employs several stylistic devices simultaneously: parallelism, antithesis, and irony. The structure relies on repeated syntactic patterns («Healthier... Sicker...»), juxtaposing contrasting ideas—improved crops and deteriorating human health—thus establishing an antithetical

5. Улицкая Л. Дочь Бухары. Сборник «Весёлые похороны». – Москва: АСТ, 2017. – С. 56-78.
6. Васильев В.И. Когнитивный подход в литературоведении: методы и принципы анализа. – Москва: Издательство МГУ, 2019. – 320 с.
7. Полякова Т.В. Семейные модели в современной литературе: анализ и интерпретация. – СПб.: Наука, 2021. – 276 с.
8. Vasquez M.A., Huang J. Family dynamics and conflict resolution in contemporary literature: A cognitive perspective. *Journal of Literary Studies*, 37(2), 2021. – P. 145-160.
9. Smith L., Kumar R. Gender roles and family conflict: A comparative analysis in cross-cultural literature. *International Journal of Literary Criticism*, 18(3), 2022. – P. 105-126.
10. Taylor R. The intersection of tradition and modernity in family narratives: A study of post-Soviet literature. *Global Humanities Review*, 29(4), 2023. – P. 67-89.

Referenses

1. The Britannica Dictionary. <https://www.britannica.com/science/conflict-psychology>
2. Nefagina G. Russkaya proza kontsa XX veka: Uchebnoe posobie. – М.: Flinta: Nauka, 2005. – 320 s. (in Russian)
3. Skoropanov I.P. Tekst i kontekst: Russkaya literatura XX–XXI vekov. – Moskva: Literaturnyy most, 2008. – 432 s.
4. Sabo T. Stat'i po poetike L. Ulitskoy. – Budapesht: Izd-vo Tsentralno-Evropeyskogo universiteta, 2015. – 212 s. (in Russian)
5. Ulitskaya L. Doch Bukhary. Sbornik «Vesyolye pokhorony». – Moskva: AST, 2017. – S. 56-78. (in Russian)
6. Vasilev V.I. Kognitivnyy podkhod v literaturovedenii: metody i printsipy analiza. – Moskva: Izdatelstvo MGU, 2019. – 320 s. (in Russian)
7. Polyakova T.V. Semeynye modeli v sovremennoy literature: analiz i interpretatsiya. – SPb.: Nauka, 2021. – 276 s. (in Russian)
8. Vasquez M.A., Huang J. Family dynamics and conflict resolution in contemporary literature: A cognitive perspective. *Journal of Literary Studies*, 37(2), 2021. – P. 145-160.
9. Smith L., Kumar R. Gender roles and family conflict: A comparative analysis in cross-cultural literature. *International Journal of Literary Criticism*, 18(3), 2022. – P. 105–126.
10. Taylor R. The intersection of tradition and modernity in family narratives: A study of post-Soviet literature. *Global Humanities Review*, 29(4), 2023. – P. 67-89.

Р.К. Толегенова

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы 71
ORCID: 0009-0009-2747-6280
e-mail: ritatolegenova030@gmail.com

Л. УЛИЦКАЯНЫҢ «БҰХАРАНЫҢ ҚЫЗЫ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН ОТБАСЫЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫС МОДЕЛІНЕ КОГНИТИВТІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Людмила Улицкаяның «Бұхараның қызы» әңгімесіндегі отбасы мен отбасылық қақтығыс моделі қарастырылады. Автор басты кейіпкерлер арасындағы қақтығыс арқылы көрсетілген отбасылық қатынастардың негізгі аспектілерін талдайды және бұл қақтығыстардың мәдени, әлеуметтік және

гендерлік ерекшеліктерді қалай көрсететінін зерттейді. Когнитивті тәсілді қолдану оқырманның менталды модельдерін қалыптастыру механизмдерін ашуға, сондай-ақ әдеби мәтіннің дәстүрлі отбасылық рөлдер мен қатынастарды қабылдауға қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді. Басты назар мүгедектік, жауапкершілік, сүйіспеншілік және қабылдау тақырыбына, сондай-ақ жеке тілектер мен әлеуметтік үміттердің тоғысында туындайтын қақтығыстарға бағытталған. Дәстүрлердің тұрақтылығын бейнелейтін орталық тұлға ретінде ананың бейнесіне баса назар аударылады. Әр түрлі құндылық жүйелері кездесетін ұрпақаралық диалогтың маңыздылығы атап өтіледі. Әдеби тәсілдерді талдау кейіпкерлердің ішкі әлемін және олар бар әлеуметтік шеңберді тереңірек түсінуге көмектеседі. Қазіргі әлеуметтік трансформация контекстіндегі дәстүрлі құндылықтардың рөліне баса назар аударылды. Жұмыстың нәтижелері әдебиеттегі отбасылық мәселелерді когнитивті және пәнаралық тұрғыдан зерттеуде пайдалы болуы мүмкін әрі кең мәдени контексте тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Людмила Улицкая, отбасы моделі, отбасылық қақтығыс, когнитивті тәсіл, әлеуметтік контекст, әдеби талдау, әйелдің рөлі, көркем мәтін.

R.K. Tolegenova

Al-Farabi Kazakh National University,
050040, Republic of Kazakhstan, Almaty, 71 Al-Farabi Avenue
ORCID: 0009-0009-2747-6280
e-mail: ritatolegenova030@gmail.com

COGNITIVE ANALYSIS OF THE MODEL OF FAMILY AND FAMILY CONFLICT IN L. ULITSKAYA'S STORY «BUKHARA'S DAUGHTER»

Abstract. The article examines the family model and family conflict in Lyudmila Ulitskaya's short story «The Daughter of Bukhara». The author analyzes the key aspects of family relationships expressed through the conflict between the main characters and explores how these conflicts reflect cultural, social, and gender-specific features. The application of a cognitive approach allows for the revelation of the mechanisms of mental model formation in the reader, as well as an investigation into how the literary text influences the perception of traditional family roles and relationships. The main focus is on the themes of disability, responsibility, love, and acceptance, as well as conflicts arising at the intersection of personal desires and social expectations. The article highlights the image of the mother as a central figure symbolizing the stability of traditions. The significance of intergenerational dialogue, where different value systems collide, is emphasized. The analysis of literary devices helps deepen the understanding of the inner world of the characters and the social frameworks in which they exist. The article also emphasizes the role of traditional values in the context of modern social transformation. The results of the work may be useful in further studies of family issues in literature from cognitive and interdisciplinary perspectives, opening up opportunities for a deeper understanding of these conflicts within the broader cultural context.

Key words: Lyudmila Ulitskaya, family model, family conflict, cognitive approach, social context, literary analysis, the role of women, artistic text.

Автор туралы мәлімет

Толегенова Рита Копабаявна – Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің докторанты, Қазақстан Республикасы, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2747-6280>, e-mail: ritatolegenova030@gmail.com.

Сведения об авторе

Толегенова Рита Копабаявна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби. Республика Казахстан, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2747-6280>, e-mail: ritatolegenova030@gmail.com.

Information about author

Rita Tolegenova – Doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: ritatolegenova030@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2747-6280>.

FTAMP: 17.01.07

Т.Б. Қабышев

Шәкәрім университеті,

071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А

ORCID: 0009-0007-7254-9472

e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Тайыр Жомартбаев шығармаларындағы оқуға, өнер-білімге, еңбекке талпынған жастарды ынталандыру, өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелері, сонымен қатар Абайдың тәлім-тәрбиелік идеяларын жалғастырудағы жазушының сабақтас рөлі қарастырылған.

Жастайынан жастарды өнерге, білімге құштарлыққа шақырып, Абай поэзиясын бойына сіңіріп өскен Т. Жомартбаевтың өзі Абай, Ыбырай, Ахмет сияқты ғұламалар қалыптастырып, дамытқан ой-өрісінің кеңдігін, гуманистік ой-пікірлері мен тәлім-тәрбиелік идеяларын қоршаған ортаға белсене сіңірген қаламгер екені белгілі.

Оның Абай шығармаларынан нәр алып, ұлы ақынның поэзиясын жоғары бағалай отырып, Абай өлеңдерін халық арасында кеңінен таратуға, насихаттауға зор үлес қосқаны, ондағы тұнған тәрбиелік ойларды жан-жақты жүзеге асырғаны сөз болады.

Өнерді шын сүйіп, бағалайтындардың Абай сияқты ұлы тұлғаға еліктемеуі, үлгі тұтып сол жолға ұмтылмауы мүмкін еместігін ескерсек, Т. Жомартбаевтың бұл бастамадан қалыс қалмағанын, оның шығармалары арқылы көрініс бергенін көреміз. Ол үнемі Абай поэзиясын жоғары бағалаған, оның эстетикалық ұстанымдарын барынша ұстануға тырысқан ақындардың қатарында болды. Мақала авторы жазушының ұлы ақын идеяларын насихаттаудағы ауқымды жұмысына ерекше назар аударады. «Балаларға жеміс» кітабы оның негізгі тәрбиелік идеяларының көрінісі. Жинақтағы шығармалардың негізгі тақырыбы – тәрбие, тұлғаны дамыту, балалардың білімді берік меңгеруі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ ағартушылары айтқан тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері отаршылдық бұғауынан жапа шеккен езілген халықты оятқаны сөзсіз. Осы ағартушылардың ішінде гуманист Тайыр Жомартбаевтың есімін атауымызға болады.

Тірек сөздер: тәрбиелік идея, жанр, поэзия, әдеби мұра, поэтикалық дәстүр, поэтикалық стиль, гуманизм.

Кіріспе

«Абай дәстүрі, оның ақындық мектебі – біраз жылдардан бері зерттеуге талап жасалғанымен, әлі де тиянақты шешімін таппаған мәселе. Кезінде «ақын мектебі» дегенді буржуазиялық теория деп соққандар да болған. Ал, шындығында Абайға жалғаса туған шәкірт ақындар шығармашылығы мен Абай өнегесін, ол ұстаған шыншылдық мектепті үлгі тұтқан кейінгі ақындар еңбектерін қазақтың ағартушылық-демократтық әдебиеті принциптері тұрғысынан зерттеу – ғылым үшін аса маңызды проблемалардың бірі» [1], – деп академик ғалым С. Қирабаев Абайтану саласындағы өзекті мәселелердің бірі – Абай шығармаларын зерттеу барысында оның идеялық-тақырыптық мазмұнын ғана емес, сонымен қатар Абай идеясын тереңірек түсініп, сол арқылы байланыстыра қарастыру қажеттігін ескертеді.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде ағартушылық-демократиялық бағыттың дамуы айтарлықтай қарқынды болды. Бұл кезең әдебиеті тек сол уақыттың жемісі ғана емес, өткен ғасырда Ыбырай мен Абай негізін қалаған жаңашыл әдебиеттің заңды жалғасы еді. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көптеген өкілдері өз шығармаларын баспасөз беттерінде, әсіресе, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жариялап, немесе жеке кітап ретінде басып шығарды. Мысалы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Көбеев, М. Сералин, Б. Өтетілеуов, Т. Жомартбаев, М. Малдыбаев және басқа да көптеген қаламгерлер өздерінің шығармалары мен мақалаларында ағартушылық идеяларды көтеріп, бір-біріне үндесіп жатты.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде ең басты тақырып қазақ халқын оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болды. Сол кезеңдегі әдебиетте ең басты жанр поэзия болды.

Әдеби процесс жайында әдебиеттану терминдерінің сөздігінде: «Әдеби процесс әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сападағы кесек образдар мен қарапайым бейнелер кескінделген қарадүрсін шығармалардан - көпшілікке арналған әдебиеттерге дейін өз бойына үздіксіз сіңіріп отырады» [2], – деп көрсетіледі.

Жанр табиғаты туралы академик З. Қабдолов: «Сөз жоқ, кез келген әдеби шығарманың жанрлық сипаты, өзгешелігі бар, оны анықтау шарт. Алайда, бұл аз. Бұдан бұрын, кез-келген әдеби шығарманың жанрлық сипаты һәм сымбат алғанға дейінгі туу процесі, заңды жаралу тарихы бар. Мұны ескермесе болмайды», – дейді [3].

Т. Жомартбаев лирикасының жанрлық сипаты мен көркемдік қуатының өзгешелігі автордың қолтаңбасын, көзқарасын көрсетері сөзсіз. Әрі оның шығу тегі, уақыт іздері де белең беріп тұрады. Әдеби шығармаларды жанрларға бөліп жүйелеу классификация жасау, топтап талдау заңды нәрсе, әйтсе де саралау барысында бір жанрдың элементі екіншісінде кездесетіні, байланысы болатыны шекара қоюдың өзі шартты болатыны да бар. Мысалы ол туралы академик З. Ахметов: «Жанрларды, жанрлық түрлерді бір-бірінен ажыратып, бөлекше сипаттарын айқындай отырып олардың арасындағы айырым шек шартты нәрсе екенін де, басқаша айтсақ, олардың бір-бірімен жақын жалғас келетін тұстары болатынын да есте сақтау керек. Мысалы, романда лирикалық элемент, сарын кездесуі әбден заңды. Романнан да, поэмадан да кейіпкердің көңіл-күйі, күйініш, сүйініші суреттелгенде біз лирикаға тән ерекшеліктерді байқаймыз. Сондай-ақ драмаға тән қасиеттер де, айталық, уақиғаның, кейіпкерлердің әрекет қимылы өзгеше бір сипатта ширығып шиеленісуі романдарда да, поэмаларда да ұшырайды» [2], – деген пікірі ойымызды ұштай түседі.

Академик ғалымдарымыздың жанрдың екі қырын, бірі генезисін, екінші жағдайда синтездік сипаттарын ашып көрсетуі жанр табиғатының күрделілігін байқатса керек.

Лирикалық шығарманың тақырыбы жайында ғалым М. Дүйсенов өз мақаласында: «Қандай қоғам болсын қаламгерге, өзінің өзекті тақырыптарын, проблемаларын ұсынып отырады. Заманмен, халықпен тығыз байланысты ақын сол қоғамның озық идеологиясының жаршысы, насихатшысы болам десе, уақыт талап етіп отырған көкейтесті тақырыптарынан, әлеуметтік мәселелерінен бой қашырмайды, керісінше, соның дәл ортасында жүреді. Сонда ғана ақын өз ортасының азаматы бола алады» [4], – деп көрсетеді.

XX ғасыр басында ағартушылық-демократтық бағыт туып, дами бастаған тұста аренаға шығып, қоғамдық қызметке араласқан Тайыр өз әріптестерінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің, ағарту ісінің, ағартушылық-педагогтік көзқарастың дамуына өзіндік үлес қосқан, өз заманының озық ойлы азаматы болды.

Абайдың шәкірттерінің бірі, әрі жерлес, көршілес ауылда тұрған, XX ғасыр басындағы жаңаша оқытқан ұстаздардың бірі – Т. Жомартбаев. Балаларға арнап жазған «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағымен, алғашқылардың бірі болып «Қыз көрелік» романымен әдебиет тарихында өзіндік орын алған қаламгер. Тайырдың лирикасының жанрлық сипаты мен көркемдік қуатының өзгешелігі автордың қолтаңбасын, көзқарасын көрсетері сөзсіз. Әрі оның шығу тегі, уақыт іздері де белең беріп тұрады. Әдеби шығармаларды жанрларға бөліп жүйелеу классификация жасау, топтап талдау заңды нәрсе, әйтсе де саралау барысында бір жанрдың элементі екіншісінде кездесетіні, байланысы болатыны шекара қоюдың өзі шартты болатыны да бар.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың басында ағартушылық-демократиялық бағыттың қалыптасуы мен дамуы тұсында қоғамдық өмірге белсене араласқан Тайыр, өз заманының озық ойлы азаматы ретінде, қазақ жерінде оқу-білімнің, ағартушылық-педагогикалық көзқарастың дамуына елеулі үлес қосты. Ол өз әріптестерінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қолдап, халықты ағарту ісіне өз үлесін қосқан тұлға болды.

Ұстаздық қызметпен қатар қаламгерлікпен де айналысқан Тайыр 1912 жылы Семейде

«Балаларға жеміс» деп аталатын оқулық-хрестоматия ретінде шығарылған поэзиялық шығармаларын жариялады. Бұл шығармалардың көпшілігі ағартушылық тақырыпта жазылған. Ақынның шығармаларында оқу-білім, адамгершілік, өнер мен мәдениетке шақыру басты орын алды. Тайыр поэзиясына ағартушылық бағыт пен гуманистік көзқарас тән болды, оның шығармалары кең жүректілікпен жазылған.

Ақынның поэзиясының қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алуы, оның қоғамдық санаға, әсіресе жас жеткіншектердің оқу-білімге деген ықыласына әсер еткенін көрсетеді. Бұл оның шығармаларының ерекшелігін байқататын негізгі фактор. Тайырдың шығармашылығының басты ерекшелігі – өз ойлары мен идеяларын эстетикалық тұрғыдан жоғары деңгейде шеше білуі. Әрбір ақын өз тақырыбына түрлі мазмұндық және көркемдік шешімдер ұсынуы, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Тайыр туындылары ХХ ғасыр басындағы әдебиеттегі дәстүр мен жаңалықты толық ашып көрсетеді. Оның поэзиясының идеялық мазмұны жиі талқыланса да, көркемдік пен шеберлік жағы әдетте жанама түрде қаралады.

Тайыр Жомартбаевтың шығармашылығында басты идеялық бағыт жастарды оқу-білімге, еңбекке және адамгершілікке тәрбиелеуге арналған. Абайдың өнер мен білімге шақыратын өлеңдерімен сусындап өскен ақын, Абай, Ыбырай, Ахмет сияқты ұлы ағартушылардың қалыптастырған гуманистік идеяларын, ағартушылық бағытты жаңа жағдайда жалғастыруға ұмтылды. Тайырдың шығармашылығында Абайдың жанашылдық ықпалы анық көрінеді, бірақ оның ақындық қабілетін Абаймен салыстыру орынсыз болар.

Кейінгі уақытта Тайыр шығармаларына талдау жасаған кезде, оның шығармашылығында Абай ықпалы байқалады. Алайда, ұзақ уақыт ұстаздық қызметте болған Тайыр Абай биігіне көтеріле алған жоқ. Абай биігі – әдебиетте қайталанбас шың, оның асыл мұрасы әр уақытта жаңа қырынан жарқырайтын мәңгілік құбылыс» [5] деген көзқарас та айтылды. Дегенмен, біз Тайырдың шығармашылығын Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы ретінде қарастырғанда, оның Абай шығармаларынан алған нәрін қалай бағалағанын, Абайдың өлеңдерін халыққа таратудағы және ағартушылық идеяларды жүзеге асырудағы еңбегін түсінуге тырысуымыз керек.

Осы тұрғыда, сол кезеңде «өнер атаулыға дәмелілердің Абайдай үлкен тұлғаға қарай талпынбауы мүмкін емес» деген пікірді ескерсек, Тайырдың да осы талпыныстан тыс қалмағанын және өз шығармашылығында Абай идеясын жүзеге асыру жолында үлкен үлес қосқанын аңғаруға болады. Тайырдың әдеби мұрасы, негізінен, Абайдың ағартушылық бағытта ұстанған принциптерін жалғастырушы ретінде жоғары бағаланады.

Ғалым А. Нұрқатов «Абайдың ақындық дәстүрі» атты еңбегінде: «Абай поэзиясын жоғары бағалаған және шама-шарқына қарай соның ізімен жүрмек болғанақындардың ішінен Б. Айтқожаұлы, Тайыр Жомартбаев тәрізді ақындарды атау қажет. Ұлы ақын идеяларын халық арасына насихаттауда олар недәуір еңбек етті», – [6] деп бағалауы біздің ойымызды нақтылай түспек. Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» жинағын талдай отырып, оның шығармаларының негізгі мақсаты балаларды дұрыс тәрбие алуға, қалыпты дамуға, және өз уақытында сапалы білім алуға шақыру екенін айқын көруге болады. Бұл жинақтың пайда болуы, негізінен, ағартушылық идеясын жүзеге асыруға бағытталған мақсаттың нәтижесі болып табылады. Абай жас кезінде ғылымды ескермей, кеш қалғандығына айтса, Тайыр да өз кезінде білімнен кеш қалғанына өкініш білдіреді. Оны өзінің «Біздің хал» деген өлеңінде былай білдіреді:

Отызға келдік ер жетіп,
Көрмей-ақ еш кем-кетік.
Өкінгеннен не пайда
Кеткен соң ғұмыр босқа өтіп.
Ойласам мұны жасымда
Құрдастарым басында.
Отырғанға мәз боппын

Әке-шеше қасында.
Өкінгеннің бірі мен
Өкінішке жоқ қой ем
Оқы ғазиз балалар
Қапы қалма енді сен [7].

Мұндай ойды қазақ ағартушылары XIX ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың басында айтып, енді оянып жатуы отаршылдықтың бұғауынан босана алмай, езгіде болған халық үшін заңды да еді.

Ал ағылшын жазушысы Филип Дормер Стенхоп Чистерфилдтің 1774 жылы шыққан «Письмо к сыну» атты еңбегінде: «Запомни же, что, коль скоро ты не заложил фундамента тех знаний, которые тебе хочется приобрести до восемнадцати лет, ты никогда потом за всю жизнь этими знаниями не овладеешь» [8], – деп оқудың негізі, іргелі білім жастық шақта қаланатындығын білдіреді.

Тайыр Жомартбаевтың алғашқы «Балаларға жеміс» деген жинағының сыртқы мұқабасына:

Неге болды кісінде
Екі құлақ жалғыз тіл
Көп естісін аз сөйлеп
Дегені ғой соны біл, [7].

деп өз сөзін тыңдаушыға тікелей арнауы оларды түземек болуы - поэзияның адамның ой-санасын оятып, рухани тұрғыдан тәрбиелеудегі маңызын терең ұғынғанын оның тікелей тыңдаушыға арнауы мен сөзін бағыттауы анық көрсетеді. Ақынның бұл тәсілі оның шығармаларының тәрбиелік мәнін арттырып, оқырманды тек қызықтырып қана қоймай, оларға маңызды өмірлік құндылықтар мен моральдық тұрғыдан ой салуды мақсат еткенін білдіреді.

Тайырдың «Балаларға жеміс» жинағына 16 өлеңі енген, оның үшеуі аударма болып табылады. Бір өлеңі Абай үлгісінде жазылған, біреуі қоғам мен өз өміріне байланысты, ал қалған 11 өлеңі тікелей балаларға арналған. Бұл жинақта ақын балаларды тәрбиелеудің маңызды құралдарын, оның ішінде білім мен өнерді дәріптеуді басты назарда ұстаған.

Жинақтағы алғашқы «Мектеп ішінде» деген өлеңде Тайыр мектепте оқып жүрген балалардың сабаққа деген жауапкершілігін ескере отырып, баланың сабаққа салақ қарауы немесе «сабағын шала қылғаны» туралы айта отырып, бұл мәселеге терең мән береді. Өлеңде баланың мектеп жайын қызығушылықпен сұраған қарындасына жауап ретінде ақын мектептің білім беру міндетін түсіндіреді. Бұл өлеңде, бір жағынан, оқудың маңызы мен оны дұрыс қабылдаудың қажеттілігі алға тартылады, екінші жағынан, оқу процесіне деген жауапкершілікті баланың санасына жеткізу идеясы басым:

Ертеңге қиын сабақ бар,
Қыламын бүгін тәкірар.
Айналдырма, қарындас
Болсаңыз дос маған жар.
Сабақ білмей баруды
Көремін мен бойыма ар, [7].

деп ақын оқушысын әншейін күн өткізерлік маңызсыз әңгімеден аулақ болуға шақырады. Бала әрекеті өз болмысына лайық, заңды, табиғи көрініп, тек қарындасына ғана әсер етіп қоймайды, басқа оқушыға да әсер етіп, ойландыра алады.

Білмегендер без обед
Білгендер үйге қайтады. [7].

Өлеңдегі оқушының оқуға деген ұмтылысы мен сабаққа жауапкершілікпен қарауы маңызды әлеуметтік құндылықтарды, атап айтқанда, адал еңбек пен білімді бағалауды көрсетеді. «Сабағын білмегенді бойына ар санауы» – бұл ақынның шынайы ұстанымы, ол баланы өз ісіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Сонымен қатар, «Қарындас түгіл

басқаға, қайтып жауап қатпады» деген жолдар оқушының тек білімге деген қатаң талапты ғана емес, сонымен қатар осы жауапкершіліктің оның өзіне және айналасындағы адамдарға да әсер етуін білдіреді. Мұндай өзіне деген талап – өлеңнің тәрбиелік мәнінің айқын көрінісі.

«БҮждиһатты бала» өлеңінде де баланың оқуға деген адалдық пен ынта-ниеті басым. Ақын сабақты жақсы көріп, оның мәнін түсінген баланы табиғаттың әсем көріністерінен алаңдамай, білім алуға деген қызығушылықпен бейнелейді. Баланың күнге, жас құсқа немесе тәтті жемістерге назар аудармауы – оның сабаққа деген назарын жоғалтпағанын, білімді жоғары қойғанын көрсетеді. Бұл өлеңде Тайыр балаларды білімнің күшін сезініп, өмірдегі маңызды мақсаттарына жетуге бағытталған тәрбие беруді көздейді:

Кітабын салды ол жайлап,
Киінді жылдам бел байлап.
Шақырған мені қайда деп
Секіріп түсті айғайлап.
Торғай сайрап қылмиып,
Күн күлімдеп жылмиып.
Шие берді жемісін
Бұтағынан һәм қиып, – [7].

деп баланы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа баулып, оқыған баланың ештеңеден кеш қалмайтындығы ескертіледі.

Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға насихат» өлеңінде ақын оқыған мен оқымаған баланың айырмашылығын айқын көрсете отырып, ғылым мен білімді ең жоғары құндылық ретінде бағалайды. Өлеңде білімді болудың тек табиғи қабілетке байланысты емес, ең алдымен, еңбек пен ізденіс, мақсатқа деген ұмтылысқа байланысты екені көрсетіледі. Ақын білімді сарқылмас мол қазынаға теңейді, оны тек талапты, ерінбей ізденіп еңбектенген адам ғана меңгере алатындығын айтады. Тайыр білім мен ғылымды надандықтың шыңынан жоғары қойып, бұл «шың» мен «бәйтерекке» тек еңбекқор және мақсатты адамдардың ғана қолы жететінін түсіндіреді. Өлеңде білімнің маңызы мен оған жетудің жолы туралы терең ойлар бар, бұл жас ұрпақты тек білімге деген құштарлықпен емес, оған адал еңбектену арқылы қол жеткізуге шақырады.

Ойыншы жалқау баладан,
Үйір болмай аулақ қаш.
Ғылым білген адамдар
Кедей, мұқтаж болмайды аш.
...Сабақ білсең жасыңда
Құстар сайрар басыңда
Отырарсың сен дағы
Жақсылардың қасыңда [7].

Ондай үлкен білім алу үшін ең алдымен «тілалғыш» болу керектігін де ескертеді:

Сабақ білсең жейсің бал,
Айтқан сөзге құлақ сал.
Әке-шеше ағаның
Халфенің де тілін ал [7].

Ол халықтың даналығын жоғары бағалай отырып, өлеңнің балаларды тәрбиелеудегі ерекше рөліне назар аударады. Ақын балаға тіке «сөйт, бұйт» деп өсиет айтуға қарағанда, өлеңмен ойланту арқылы тәрбие берудің әлдеқайда әсерлі әрі терең болатынын түсінеді. Өлеңнің психологиялық әсері өте күшті екенін байқауға болады – тіпті қикар, тікұшақ мінезді балаларды да өлеңдер «үйіріп әкетуі» мүмкін. Бұл тәсіл баланың ойлау, түйсіну, қабылдау қабілеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ақын өлеңдері арқылы балада теріс қасиеттерді өзгертуге ықпал ету, оның психологиясына әсер ету – бұл

педагогикалық әдістің өзіндік ерекшелігі.

«Жалқау бала» өлеңінде ақын жалқаулықтың зиянын, еңбекқор болудың қажеттілігін көрсетеді. Ол балаға тек сөзбен емес, өлең арқылы мысалдар келтіріп, жалқаулықтың қайғы-қасіретін көрсетіп, оны жеңудің жолдарын ұсынады. Осылайша, өлең арқылы балаға тәрбиелік мән беру – ақынның шеберлігі мен педагогикалық көзқарасының бір көрінісі болып табылады:

Жалқау бала жалтақтап
Сабақтан қашып жан сақтап.
Ешкім оған разы боп
Көрмейді жақсы жұрт мақтап.
Сабаққа мойын бұрмайды,
Кітаппен кеңес құрмайды.
Мектепке ерте баруға
Ұйқысынан тұрмайды.
Тұрса орнынан ырғалып
Киінбей жылдам жырғалып,
Оқиыншы мен де деп
Тырыспайды тырбанып, – [7].

деп оның іс-әрекетін жіпке тізгендей қылып сипаттайды. Балаларды мұндай мінез-құлықтан жирендіре келіп «Балаларға өнегеде»:

Басқа жұртта таң атты
Біздің қазақ тек жатты.
Байқалық та біз дағы
Ғылым дәнін кім татты.
Біз де милләт баласы
Жетілсін ғылым шаласы
Ғылымменен нұрланған
Орыс, ноғай қаласы, – [7] дейді.

Ғасыр басындағы ағартушылардың көпшілігі сияқты Тайыр да ғылым мен білімнің қоғамның өркендеуі үшін аса қажет екендігін түсінген. Ол тек жеке тұлғаның білім алуын ғана емес, сондай-ақ бұл білімнің басқаларға да пайдасы тиіп, жалпы қоғамға, ұлтқа үлес қосу керектігін ескертіп өткен.

Тайыр өлеңдерінде білімді тек жеке бас пайдасы үшін жинап қоймай, оны айналадағы адамдарға, жалпы халыққа тарату, өнеге көрсету міндетін де басты назарда ұстайды. Бұл оның ағартушылық көзқарасынан туындайды, себебі ол қоғамның өзгеруі мен дамуы тек білім мен тәрбие арқылы жүзеге асатынын терең түсінген. Ақынның айтуынша, өркениетті халықтар қатарына қосылу тек өзіміздің білімімізге ғана емес, сол білімді қоғамға жеткізе білуімізге де байланысты. Осылайша, Тайырдың шығармашылығы білімнің әлеуметтік мәнін, оның кең көлемде таралуы қажеттігін көрсетеді.

Шаш ғылымнан сен егін,
Алсын надан бос тегін.
Жібермендер далаға
Халфеңіздің еңбегін.
Ғылым серік хәм малға,
Тәрбиеші бір алла!
Надандардың көңілін аш
Түссеніз де не халге [7].

Тайыр Жомартбаевтың «Балалардың тілегі», «Ыждаһатты баланың надан атаға айтқан сөзі», «Жетім баланың мұңы», «Рақымды кемпір», «Рахымды жолдас» өлеңдерінде ағартушылық идеяларының тереңдей түсуімен айқын көрінеді. Осы өлеңдерде ақынның ағартушылық

көзқарасы жаңа деңгейге көтеріледі. Тек үгіттік сипатта емес, лирикалық кейіпкердің жан-сырын, толғанысын, іс-әрекетін суреттеу арқылы өмір шындығын терең түсіндіруге ұмтылады. Тайырдың өлеңдерінде характердің алға шығуы, адамның ішкі әлемі мен көзқарасын, іс-әрекетін көрсету арқылы қоғамдағы мәселелерді бейнелеу маңызды орын алады. Бұл тәсіл ақынның жеке тұлға мен қоғамның өзара байланысын ашуға деген ұмтылысын білдіреді. Мысалы, «Балалардың тілегі» өлеңінде ғылым мен білімге баса назар аударылған. Өлеңде оқуға көңіл бөлген бала өз бақыты мен амандық-саулығын емес, ата-анасының, жастардың және халқының бақытын ойлап, олардың жақсы болашағы үшін еңбек ету керектігін білдіреді.

Ғылымға көңіл талпынды,
Жас ғұмыр оттай жалқынды.
Алдымды алла өзің аш
Ұмыттырмай артымды.
Ата-анамды жарылқа,
Аман сақта халқымды.
Ішіме жарық нұр беріп
Наданнан айыр парқымды.
Махаббат бер жастарға
Көңіліне салма салқынды
Көңілімді ашқан ой салып
Қарайып көзі бек талып
Халқыма алла бақыт бер
Дұшпанына қыл ғалып [7].

Ақынның өлеңдерінде қоғамның жас азаматы тек жеке басының бақыты үшін емес, өз құрбыларының, жалпы қоғамның болашағы үшін де алаңдайтын тұлға ретінде суреттеледі. Бұл идеяны ақын «Балалардың тілегі» және басқа да өлеңдерінде білдіреді. Мұнда жас ұрпақтың тілегі, мұңы, ой-өрісі, талап-тілегі қоғамның ортақ мүддесіне бағытталған. Яғни, балалар тек өз бақыты мен жақсы өмірін ғана ойламай, жалпы ұлттың болашағына, қоғамның дамуына да жауапкершілікпен қарайды. Осы арқылы Тайыр баланың жеке мүддесі мен қоғамға деген көзқарасын үйлестіреді, олардың үміті мен арманын жалпылыққа шығарады.

Ақынның бірқатар өлеңдерінде тек балаларды ғана емес, олардың ата-аналарын да ғылым мен білім жолына шақырып, ұлттың жалпы мәдени деңгейін арттыруды мақсат етеді. Мысалы, «Ыждаһатты баланың надан атаға айтқан сөзі» өлеңінде бала өз ата-анасына білім мен ғылымның қажеттілігін түсіндіреді, оларды оқу мен білім алуға үгіттейді. Ата-аналарды өздерін оқытуға тікелей шақырмағанымен, ақын оларды балаларын оқытуға көңіл бөлуді, өздеріне үлгі боларлықтай болып, ғылым мен өнерді үйренуді уағыздайды.

Тайыр осы ойларын өз атынан емес, кейде балалардың, кейде көзі ашық, көкірегі ояу қарттардың сөзі арқылы білдіреді. Бұл тәсіл ақынның ұрпақтар арасындағы байланыс пен білімнің ұрпақтан ұрпаққа берілуінің маңыздылығын көрсетеді. Ақын мұндай өлеңдерінде өз заманының өскелең ұрпағына үміт артып, олардың болашағына сенім білдіреді. Сондай-ақ, ол өз шығармашылығында қоғамның жалпы мәдениетіне, білімді болуға шақыру арқылы халықты тәрбиелеуді мақсат етеді.

Оқыт мені ғазиз атам,
Ғафу айла болса хатам.
Егер мені оқытпасаң
Үйде босқа неғып жатам.
Жас ғұмырды қылма надан,
Өссем қайғы болар маған.
Білсем көпке пайдам тиер,
Және жақсы болар саған, – [7].

деп атасына өз өтініш тілегін білдіреді. Өзін басқа жұрттың ұл қыздарымен салыстырады.

Нәтижелер және талқылау

Тайыр Жомартбаевтың шығармашылығының маңызды ерекшелігі – оның бала психологиясын терең меңгергендігі. Ақын балалардың ойлау қабілеті мен психологиясын жақсы түсініп, олардың дүниетанымына сай өлеңдер жазған. Ол ұстаз ретінде дәл сол кезеңдегі балалардың қажеттіліктерін, оқулық-хрестоматияда қандай туындылардың қажет екенін біле отырып, тақырыптарды ұтымды таңдайды. Оның өлеңдерінде бейтарап немесе қажетсіз тақырыптар кездеспейді; әр өлеңі балалардың рухани қажеттіліктеріне сәйкес келеді, олардың жүрегінен жол таба біледі. Ақын тек өз жанын толғантқан, ойландырып, әсер еткен дүниелерді ғана өлеңге арқау етеді, бұл оның шынайылығын көрсетеді.

Тайырдың «Балаларға жеміс» өлеңдер жинағының соңында қазақ қоғамының оқудан, өнерден кеш қалғанын білдіретін «Замандастарға қарап» және «Біздің хал» деген өлеңдері бар. Бұл өлеңдерде ақын заманының қоғамын, оның білім мен мәдениет саласындағы дамымаушылығын, артта қалушылығын сөз етеді. «Замандастарға қарап» өлеңі тоғыз шумақтан тұрады және «Сегіз аяқ» формасында жазылған.

Бұл өлеңнің сыртқы пішінімен қатар ішкі мазмұны да Абай шығармашылығының әсерін айқын сездіреді. Абайдың гуманистік идеялары, халықты білімге, өнерге шақыру, мәдениетке үндеу – Тайырдың өлеңдерінде де көрініс тапқан. Ақын өз өлеңдерінде қоғамның кемшін тұстарын ашып көрсету арқылы халықтың білімге деген қызығушылығын оятуға тырысады, ал бұл өз кезегінде Абайдың ағартушылық идеясын әрі қарай жалғастыру болып табылады. Тайырдың Абайдың әсерінде жазған өлеңдері сол кезеңнің қоғамдық мәселелерін шешуге бағытталған, әрі жастарды білім мен өнерге баулуды көздейді. Мәселен:

Кешегі Абай,
Білгіштер талай,
Қайтсе де елге жақпады.
Кезерген ерін,
Сыпырған терін,
Еңбегін кім ақтады.
Түзелсін десең көп дүрмек
Ең қызығы жай жүрмек, – [7].

деп Абайдың «Мыңмен жалғыз алысып» ел түзете алмай өткендігін ескертсе:

Болам деп сондай,
Көңілің толмай,
Бақаға ұқсап жүрмелік.
Шаптығып пілге
Токтамай тілге
Кәндекке ұқсап үрмелік.
Әддіңді біл болсаң әз

Өзіңе өзің болма мәз, – [7] деп ақын оқушыларды Абайдың «Өгіз бен бақа», «Піл мен кәнден» сияқты мысалдарындағыдай, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға, шамадан тыс асып кетпей, ақылмен әрекет етуге шақырады. «Көрпесіңе қарай көсіл» деген нақыл арқылы баланы өзінің күш-жігері мен мүмкіндіктеріне сай әрекет етуге үндейді, яғни олар өз шама-шарқына сай болсын, біреуді асыра мақтап немесе біреуден асып кетуге ұмтылмасын деп үйретеді. Бұл ұстаным әлеуметтік әділеттілік пен парасаттылыққа негізделген.

Ақын «залымнан жиреніп», «жолдан тыс» іс қылмауға шақыру арқылы жаман әдеттер мен теріс әрекеттерден аулақ болуды, дұрыс жолмен жүруді үгіттейді. Бұл тәрбиелік мәні зор бағыт, өйткені баланың дұрыс мінез-құлық қалыптастыруы, адами құндылықтарды бағалауы өмірде жетістікке жеткізеді.

Қорытынды

Тайыр ұлттың білім мен ғылымға деген қажеттілігін де айтып өтеді, алайда, ол жалғыз адамның білімі ғана жеткіліксіз екенін сездіріп, «жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпасын» деген нақылды қолданады. Яғни, бір адамның ғана еңбегі мен білімімен қоғамның дамуы жүзеге аспайды, ұлттың ортақ күш-жігері мен ынтымақтастығы қажет екенін көрсетеді. Бұл қоғамдағы өзара көмек пен ұжымдық күштің маңыздылығын түсіндіретін маңызды ой.

Сонымен қатар, ақын өз өлеңдерінде бала тәрбиесінің аса маңызды екенін атап өтіп, осы салаға ерекше мән беруге шақырады. Бұл – ұрпақ тәрбиесінің қоғамның дамуы мен болашағы үшін шешуші фактор екендігін білдіретін ақынның терең ойы. Тайырдың бұл идеялары ағартушылық дәстүрді жалғастыра отырып, жастарды тәрбиелеуде үлкен мәнге ие болған.

Қарайған көзің,
Сөйлеген сөзің
Көрінер елге бос қалмас,
Қарыны тойған,
Қайғыны қойған,
Құлағын жалғыз сол салмас.
Еңбек кетпес далаға,
Үйретейік балаға [7].

Тайырдың бұл «Замандастарға қарап» өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналының 9 санына қайыра басылған [9].

Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағының барлық туындылары үгіт-насихаттық сипатта және дидактикалық сарында жазылғаны белгілі. Бұл шығармаларда ақын балаларды жақсы мінез-құлыққа, еңбекқорлыққа, білім алуға және адамгершілікке тәрбиелеу мақсатын көздейді. Ақынның бұл бағыттағы шығармашылық әрекеті қоғамның рухани деңгейін арттыру мен ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Тайыр өз өлеңдерінде адамдардың дұрыс жолды таңдауы үшін ойлануға, өз әрекеттерінің салдарын дұрыс бағалауға үйретеді.

«Біздің хал» өлеңі бұл жинақтың қорытынды түйіні болып табылады. Бұл өлеңде Тайыр ақын өзінің барлық шығармашылық жолының нәтижесін келтіріп, балаларға таңдаудың еркіндігін, болашақты шешу жауапкершілігін өз еншісіне қалдырады. Ол өлеңнің соңында:

«Сөзді қылдым мен тамам,
Үйретер өзі бұл заман.
Асықпасаң байқарсың

Нелер жақсы не жаман» – [7] деп, оқушыларға дұрыс таңдау жасау үшін уақытты дұрыс пайдалану қажеттігін, өмірдің әр сәтінде ойлану мен қорытынды жасау қажеттілігін ұғындырады.

Сонымен бірге, Тайырдың өлеңдерінде Абайдың көркемдік дәстүрі мен оның ағартушылық идеяларының ықпалы байқалады. Бірақ Тайырдың ерекшелігі — оның өлеңдері көркемдіктен гөрі балаларға түсінікті, жеңіл әрі қарапайым тілмен жазылған. Ақынның шығармаларында күрделі поэтикалық бейнелер мен символика емес, баланың ойын жеңіл қабылдайтын қарапайым тіл мен таза ой басым. Бұл шығармалардың басты мақсаты – балаларға дұрыс тәрбие беру және олардың рухани, моральдық өсуіне үлес қосу.

Тайырдың өлеңдерінің көркемдігі педагогикалық мақсаттарға қызмет етумен қатар, оны әдебиет саласында да маңызды орынға көтереді. Ол шығармалары ықшам, тілі жатық, терең ойлар мен қарапайым тұжырымдарды үйлестіріп, тек тәрбиелік құндылығымен ғана емес, сонымен қатар көркемдік тұрғысынан да жоғары деңгейде жазылған. Бұл оны тек педагогикалық шығармашылыққа ғана емес, сонымен қатар әдебиетте де белгілі ақын ретінде танытты.

Әдебиеттер

1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері, Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
2. Ахметов З. Жанр. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, Алматы, 1997. – 240 б.
3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері, Алматы: Жалын, 1970. – 377 б.
4. Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім. Жанр сипаты, Алматы: Ғылым, 1971. – 270 б.
5. Көбеев С. «Қалың мал», С.Торайғыров «Қамар сұлу», Т.Жомартбаев «Қыз көрелік» /Құрастырған Кенжебаев Б., Ергөбеков Қ., Алматы: Жалын, 1986.
6. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі, Алматы: Жазушы, 1966. – 348 б.
7. Жомартбаев Т. Балаларға жеміс, Семей: Ярдәм, 1912. – 26 б.
8. Seneca L, Maurois A, Chesterfield F. If you want to be free, Moscow: Politizdat, 1992. – 381 p.
9. Жомартбаев Т. Замандастарға қарап // Айқап, № 9, 1913.
10. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст.: Ахметов З., Шаңбаев Т. / Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

References

1. Qirabayev S. Ädebietimizdiñ aqtañdaq betteri, Almaty: Bilim, 1995. – 288 b. (In Kazakh)
2. Ahmetov Z. Janr. Ädebiettanu terminderiniñ sözdigi, Almaty, 1997. – 240 b. (In Kazakh)
3. Qabdolov Z. Ädebiet teoriyasınıñ negizderi, Almaty: Jalyn, 1970. – 377 b. (In Kazakh)
4. Düyseñov M. Qazaq lirikasındaǵı taqırıp pen körkemdik şeşim. Janr sipatı, Almaty: ǵılım, 1971. – 270 b. (in Kazakh)
5. Köbeev S. «Qalıñ mal», S. Torayǵyrov «Qamar sulu», T. Jomartbaev «Qız körelik» / Qurastırǵan: Kenjebayev B., Ergöbekov Q., Almaty: Jalyn, 1986. (In Kazakh)
6. Nurqatov A. Abaydñ aqındıq дәstüri, Almaty: Jazuşı, 1966. – 348 b. (In Kazakh)
7. Jomartbaev T. Balalarǵa jemis, Semey: Yardam, 1912. – 26 b. (In Kazakh)
8. Seneka L, Morua A, Çesterfild F. Eǵer haçeş byıt svobodnym, Moskva: Politizdat, 1992. – 381 s.
9. Jomartbaev T. Zamandastarga qarap // Aıqap, № 9, 1913. (In Kazakh)
10. Ädebiettanu terminderiniñ sözdigi. Qurastırǵan: Ahmetov Z., Şañbaev T. / Almaty: Ana tili, 1998. – 384 b. (In Kazakh)

T.B. Kabyshev

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

ORCID: 0009-0007-7254-9472

e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

IDEAS OF ABAI'S ENLIGHTENMENT IN THE WORKS OF TAIR ZHOMARTBAEV

Abstract. The article examines the specifics of the problems of Taiyr Zhomartbaev's work: encouraging young people who strive for study, art and education, hard work, issues of nurturing moral qualities in the younger generation, as well as the successive role of the writer in continuing the educational ideas of Abai. It is known that T. Zhomartbaev, who grew up on the poetry of Abai, who passionately called on young people from a young age to get involved in art and education, is himself a writer who actively embodied in the environment around him the breadth of thinking, humanistic ideas and educational ideas formed and developed by Abai, Ibrai Altynsarin, Akhmet Baitursynov. The article examines the literary heritage of T. Zhomartbaev, who continued the poetic traditions of Abai; It was revealed that he, drawing inspiration from the works of Abai and appreciating the poetry of the great poet, made a great contribution to the dissemination and popularization of Abai's poems among the people, and in every possible way realized the educational ideas embedded in them. Considering the fact that it was impossible for those who truly loved and appreciated art not to strive for such a great figure as Abai, we see that T. Zhomartbaev did not remain aloof from this undertaking, and it was by no means fruitless. He was always among the poets who highly appreciated Abai's

poetry and tried to follow his aesthetic principles to the best of their ability. The author of the article pays special attention to the writer's extensive work on promoting the ideas of the great poet. The book «Balalarga zhemisi» (Fruits to Children) is a reflection of his main educational ideas. The main themes of the works in the collection are education, personality formation, and the solid acquisition of knowledge by children. The educational ideas expressed by Kazakh educators in the late 19th and early 20th centuries certainly awakened the oppressed people who suffered from the shackles of colonialism. Among these educators is the name of the humanist Taiyr Zhomartbayev.

Key words: educational idea, genre, poetry, literary heritage, poetic tradition, poetic style, humanism.

Т.Б. Кабышев

Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20А
ORCID: 0009-0007-7254-9472
e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru

ИДЕИ ПРОСВЕЩЕНИЯ АБАЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТАИРА ЖОМАРТБАЕВА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности проблематики творчества Тайыра Жомартбаева: поощрение молодежи, стремящейся к учебе, занятиям искусством и образованию, трудолюбию, вопросы воспитания нравственных качеств у подрастающего поколения, а также преемственной роли писателя в продолжении просветительских идей Абая.

Известно, что Т. Жомартбаев, выросший на поэзии Абая, который страстно призывал молодежь уже с юных лет приобщаться к искусству и образованию, сам является писателем, активно воплощавшим в окружавшей его среде широту мышления, гуманистические идеи и просветительские идеи, сформированные и развитые Абаем, Ибраем Алтынсариным, Ахметом Байтурсыновым.

В статье рассмотрено литературное наследие Т. Жомартбаева, продолжившего поэтические традиции Абая; выявлено, что он, черпая вдохновение в произведениях Абая и ценя поэзию великого поэта, внес большой вклад в распространение и популяризацию стихов Абая в народе, всемерно реализовывал заложенные в них просветительские идеи.

Учитывая то обстоятельство, что тем, кто по настоящему любил и ценил искусство, было невозможно не стремиться к такой великой фигуре, как Абай, мы видим, что Т. Жомартбаев не остался в стороне от этого начинания, и оно отнюдь не было бесплодным. Он всегда был среди поэтов, которые высоко ценили поэзию Абая и по мере своих сил старались следовать его эстетическим установкам. Особое внимание автором статьи уделено большой работе писателя по пропаганде идей великого поэта. Книга «Балаларға жемісі» (Плоды детям) – отражение его основных просветительских идей. Основная тематика произведений сборника – воспитание, формирование личности, прочное усвоение знаний детьми. Просветительские идеи, высказанные казахскими просветителями в конце XIX-го и начале XX веков, безусловно, пробуждали угнетенный народ, страдавший от оков колониализма. Среди этих просветителей – имя гуманиста Тайыра Жомартбаева.

Ключевые слова: просветительская идея, жанр, поэзия, литературное наследие, поэтическая традиция, поэтические стиль, гуманизм.

Автор туралы мәлімет

Кабышев Талғат Болатұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы білім бері ісінің құрметті қызметкері, Шәкәрім университеті қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru.

Сведения об авторе

Кабышев Талгат Болатович – кандидат филологических наук, Почетный работник образования Республики Казахстан, старший преподаватель кафедры казахской филологии и журналистики университета Шәкәрім, Республика Казахстан, Семей, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru.

Information about the author:

Talgat Kabyshev – candidate of philological sciences, Honorary worker of education of the republic of Kazakhstan, Senior lecturer at the department of kazakh philology and journalism at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-7254-9472>, e-mail: talgat_kabyshev@mail.ru.

IRSTI: 17.07.41

Zh.A. Aubakirova^{*1}, Zh. Kokbas², K.K. Smailova³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University,
010008, Republic of Kazakhstan, Astana, 2 Satpayev Street

^{2,3}M.Kozybayev North Kazakhstan university,
150000, Republic of Kazakhstan, Petropavol, 2 Abay Kunanbayev Street

*ORCID: 0009-0002-9320-4637

*e-mail: zhamila_08@mail.ru

THE INTERTEXTUAL NATURE OF FEMALE IMAGES IN THE WORKS OF SAFUAN SHAIMERDENOV

Abstract. The article analyzes the typology of female images in the works of writer Safuan Shaimerdenov from the perspectives of intertextuality and national identity. The primary goal of the research is to identify the typological characteristics of female characters in the author's works and to uncover their role in reflecting national identity.

The depiction of women in literature is one of the essential tools for conveying national identity. In Kazakh prose, portraying national values, spiritual heritage, and adaptation to contemporary challenges through female characters is a pressing issue in modern literary studies. Shaimerdenov's female characters represent significant aspects of national identity by integrating the traditional values of the Kazakh people with the innovations of modern times.

The study focuses on the characters Bibigul, Kargash, Aspet, and Inesh from prominent works such as *Mezgil*, *Kargash*, *Mazhnun Tal*, and *Inesh*. Content analysis, intertextual analysis, typological methods, and linguo-cognitive approaches were employed. The artistic techniques used by the author to convey national identity, as well as the characters' behaviors and spiritual worlds, were examined in detail. Additionally, the intertextual connections of Shaimerdenov's characters with similar images in other literary works were analyzed.

The results of the article highlight the unique typological role of female images in Kazakh literature and their significance in shaping national consciousness. The scientific analyses conducted in the study provide deeper insights into the artistic features of female characters in Kazakh literature and offer a fresh perspective on the issues of national identity.

Key words: intertext, national identity, typology, S. Shaimerdenov, Kazakh literature, female images.

Introduction

In the scientific paradigm, the theory of intertextuality constitutes one of the significant methodological approaches that study the connections between texts. The foundation of this theory was laid in the second half of the 20th century by scholars such as G. Genette [1], R. Barthes [2], and J. Kristeva [3]. The concept of intertextuality enables the analysis of dialogue, mutual influence, and semantic connections between texts. A literary work, as a reflection of a specific national culture, establishes connections with other works, embodying the worldview, traditions, and values of people. From this perspective, the theory of intertextuality holds particular importance in studying the national identity in Kazakh literature.

In Kazakh literature, intertextual features are often shaped by the influence of folk oral traditions, folklore, and classical poetry. For instance, philosophical ideas and wise sayings from past centuries have been reinterpreted in the works of later poets and writers. These connections reflect the preservation and transmission of national identity through literature across generations.

The works of Safuan Shaymerdenov are no exception to this trend. The speech, thoughts, and actions of his characters are deeply intertwined with the cultural codes of the Kazakh people.

Intertextual analysis allows for the exploration of the unique aspects of national identity in Kazakh literature. National identity is a concept that embodies the historical experience, spiritual-cultural values, and worldview of a people. Literature enriches this concept with unique content and portrays it through various artistic techniques [4]. For example, in Safuan Shaymerdenov's works, the portrayal of women is not limited to individual personalities but serves as a mirror of national identity. Through his characters, the author delves into the typological features of national identity, revealing them at an intertextual level.

Another crucial aspect of intertextuality theory is its ability to deepen the understanding of cultural dialogue between literatures. In Shaymerdenov's works, the concept of national identity is examined broadly, with characters embodying national codes, traditional values, and cultural norms in harmony.

